

4.3 Қазақстандағы «қайта құру» саясаты - 2 сағат

Жоспар:

1. М.С. Горбачевтың «қайта құру» саясаты: мазмұны және кезеңдері. Қазақ КСР-нің «қайта құру» жылдарындағы (1985 - 1990 жж.) экономикасы
2. Алматы және Қазақ КСР-нің басқа қалаларындағы Желтоқсан оқиғалары: себептері, Орталықтың 1986 ж. оқиғаларға көзқарасы және заманауи баға беру
3. 1990 ж. 25 қазандағы «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация
4. 1991 жылғы тамыз бүлігі. КСРО-ның ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы

Әдістемелік нұсқау: Бұл тақырыпты қарастыру барысында студенттер «қайта құрудың» (перестройка) экономикалық және саяси реформалар арқылы кеңестік жүйені жаңартуға бағытталған әрекет болғанын түсінуі қажет. Алайда тереңдей түскен дағдарыс жағдайында бұл реформалар бұрынғы жүйенің күйреуіне алып келді. Талдау барысында қайта құрудың екіжақты сипатын қарастыру маңызды: бір жағынан, ол демократияландыру үдерістерін жеделдетіп, сөз бостандығына жол ашты, жаңа қоғамдық қозғалыстар мен плюрализмнің қалыптасуына ықпал етті; екінші жағынан, экономика мен әлеуметтік саладағы қайшылықтарды күшейтіп, тауар тапшылығын, өндірістің құлдырауын және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуін туындатты.

Қазақ КСР экономикасы мысалында нарықтық қатынастар элементтеріне көшу әрекеттері шаруашылық жүйесінің дайын еместігіне тап болғанын көрсету қажет. Сонымен қатар республиканың шикізаттық бағыттағы мамандануы оны дағдарысқа ерекше осал етті.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына ерекше назар аудару қажет. Студенттер одақтық орталықтың Г.В. Колбинді тағайындауына қарсы қазақ жастарының наразылығы саяси дербестікке және ұлттық мүдделерді құрметтеуге ұмтылыстың символына айналғанын түсінуі тиіс.

Келесі қарастырылатын кезең – 1990 жылғы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның қабылдануы. Бұл құжат республиканың ішкі және сыртқы саясатын дербес айқындау, табиғи ресурстар мен экономикалық үдерістерді басқару құқығын бекіткен маңызды құқықтық акт болды. Тақырыпты зерделеудің қорытынды кезеңі – 1991 жылғы тамыз бүлігі (Мәскеу), кеңестік жүйені күшпен сақтап қалуға бағытталған әрекет және оның артынан КСРО-ның ыдырауы. 1991 жылғы желтоқсанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы тек саяси ымыраның нәтижесі ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды қоса алғанда республикалардың тәуелсіздігін түпкілікті бекіткен тарихи қадам болғанын түсіндіру маңызды. Тақырыпты тереңірек түсіну үшін студенттерге ресми құжаттарды (заңдар, декларациялар, қаулылар) сол кезеңдегі куәгерлердің естеліктерімен және публицистикалық материалдармен салыстыра талдау ұсынылады. Бұл қайта құру кезеңінің ішкі қайшылықтарын, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, сондай-ақ тәуелсіздікке ұмтылыстың біртіндеп қалыптасуын және оның егемен Қазақстанның құрылуымен аяқталғанын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Реферат тақырыптары:

1. Жариялылық пен демократия жағдайындағы одақтас республикалардағы ұлттық қақтығыстар.
2. Д.А. Қонаевтың өмірі мен қызметі.
3. «Тіл туралы заңның» қабылдануы және оның маңызы.
4. Кеңестік жүйенің күйреуі және тарихтың жаңа кезеңі: КСРО-ның ыдырау үдерістеріндегі Қазақстанның орны.

БӨЖ бақылау сұрақтары

4-блок. Қазақстан кеңестік кезеңде

- 4.1 Қазақстанда большевиктік режимнің қалыптасуы.
- 4.2 Кеңестік білім беру жүйесінің құрылуы.
- 4.3 Экологиялық дағдарыс.

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5 - том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 688 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
3. Абылхожин Ж.Б. Постсталинский период в истории советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953 - 1991 гг.). – Алматы, КБТУ, 2019. – 465 с.
4. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918 – 2007 жж. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов. 1918 – 2007 гг. Алматы.: "Ел – шежіре", 2007. Т. 4. – 472 б.
5. Қазақстан тарихы. Очерктер. - Алматы. 1994.
6. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. Ред. басқарған. Қ.С. Қаражан. – Алматы. 2009.
7. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы. 2008.

Қосымша әдебиет:

1. Нұрпейіс К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995 – 256 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Туран, 1997. – 360 с.
3. Омарбеков Т.О. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу. – Алматы: Арыс, 2018. – 480 б.
4. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.
5. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіресі, 2008. – 360 б.